## «Жанерке» бөбекжай-бақшасы

«Бекітемін»

«Жанерке» бөбекжай- бақшасы

жеке мекемесінің меңгерушісі

_________ Д.Б.Сыдыкова

# «Балапан» ортаңғы тобы

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

# 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»**
**Тобы: «Балапан» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2023жыл қыркүйек айы**

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1. | Дене шынықтыру | ***денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:***<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылық тудыру, тыныс алу жаттығуларын жасауға дағдыландыру;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту;<br>- балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету;<br>- қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту;<br>- күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;<br>- денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру;<br>- күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету;<br>- балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. |
| 2. | Сөйлеуді дамыту | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға үйрету;<br>- ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорды кеңейту;<br>- сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға үйрету;<br>- суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, мульфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Көркем әдебиет | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>- **таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге үнемі қарастыруға әдеттендіру;**<br>- **ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, өз ойын айтуға үйрету;**<br>- **оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.** |
| 4. | Қазақ тілі | ***Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:.***<br>***қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;***<br>***артикуляциялық аппаратты дамыту.***<br>***Сөздік қор:***<br>***- күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;***<br>***Тілдің грамматикалық құрылысы:***<br>***- сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;***<br>***-жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.***<br>***-қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).*** |
| 5. | Математика негіздері | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:***<br>**-қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;**<br>**- «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру;**<br>**- заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп);**<br>**- шамасы бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру;**<br>**- геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы, үшбұрышты тану және атау.** |
| 6. | Қоршаған ортамен таныстыру | ***балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.***<br>**- балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу;**<br>**- заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру;**<br>**- кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;**<br>**- балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсініктерін кеңейту, балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру;**<br>**- құрдастарымен жұптасып ойнауда, шағын топпен ойында қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру.** |

| | | |
|---|---|---|
| **7.** | **Сурет салу** | ***балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.***<br>**-көлденең және тік сызықтарды салуға, олардың қиылысуын жүргізе білуге үйрету;**<br>**-әр түрлі пішіндегі көкөністер мен жемістер, ойыншық заттарды бейнелеуге машықтандыру;**<br>**Дәстүрден тыс салу әдісі арқылы салуға үйрету,** |
| **8.** | **Мүсіндеу** | **- сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу тәсілдерін пайдалана алуға үйрету;**<br>**- сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту.** |
| **9.** | **Жапсыру** | **- дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру;**<br>**- бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету;**<br>**- желімдеудің техникасына машықтандыру;**<br>**- желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу;**<br>**-қағаздың қасиеті туралы түсініктерді (жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады)жетілдіру.** |
| **10.** | **Құрастыру** | **- құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;**<br>**- ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға машықтандыру;**<br>**- қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге айналдыруға баулу.** |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУБАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»**

**Тобы: «Балапан» ортаңғы топ**

**Балалардың жасы: 3 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2023жыл қазан айы**

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **1.** | **Дене шынықтыру** | ***денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:***<br>**- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;**<br>**- күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;** |

| | | |
|---|---|---|
| | | - **мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;**<br>***жалпы дамытушы жаттығулар:***<br>**- Көзбен бағадарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды, педагогпен бірге орындау, жаттығуларды затпен затсыз орындау.**<br>***негізгі қимылдар:***<br>**- Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру, жүгіру.**<br>**- *Секіру*:**<br>**қос аяқтап басты затқа тигізе отырып,оғары қарай (2-3м) қашықтықта алға қарай жылжи отырып,тұрған жерінен ұзындыққа,(5-10см) биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан шеңберге секіру,**<br>***-лақтыру, тастау, қағып алу:***<br>**бір-бірінен (1,5-2м) арақашықтықта отырып,аяқтыалшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру,допты екі қолымен көкірек тұсынан кері екі қолмен жоғары,бастан асыра,жоғарыға қарай еденге лақтыру,допты қағып алу, көлденең алысқа,тура нысанға лақтыру.**<br>***-еңбектеу, өрмелеу:***<br>**тура бағытта (4-6м) арақашықтықта «жыланша»,арасы алшақтаған заттар арасымен, еденге қойылған бетімен, 40см биіктіктегі доғамен,арқанмен еңіс тақта,бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу,**<br>***-тепе-теңдікті сақтау:***<br>**тепе-теңдікті сақтай отырып,бір-бірінен 10см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен,еңіс тақта бойымен (20-30см) жүру.**<br>***-сапқа қайта тұру:***<br>**сапқа бір-бірден шеңберге кішігірім топпен, тұтас топпен қайта тұру** |
| **2.** | **Сөйлеуді дамыту** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>**- *сөйлеудің дыбыстық мәдениеті*:**<br>**дыбыстарды айта білуге үйрету,**<br>***-сөздік қор:***<br>**-ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту**<br>**заттардың бөлшектерін ажыратуға, және атауға үйрету, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру.**<br>**- *тілдің грамматикалық құрылымы:***<br>**зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.**<br>**- *байланыстырып сөйлеу:***<br>**шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау, ересектермен сөйлесу кезінде, берілген сұрақтарды тыңдау, және түсіне білу, таныс ертегілерді ойнауға, сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.** |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | **Көркемәдебиет** | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>**- тақпақтарды, өлеңдерді асықпай және дыбыстарды анық мәнерлеп айтуға,**<br>**- ертегілердің,әңгімелердің мазмұнын түсінуге,тыңдауға бейнелі сөздерді еске сақтауға,**<br>**- кейіпкерге,оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.** |
| 4. | **Қазақ тілі** | ***Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:.***<br>**қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;**<br>**артикуляциялық аппаратты дамыту.**<br>***Сөздік қор:***<br>**- күнделікті өмірде жиі қолданылатын  сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;**<br>***Тілдің грамматикалық құрылысы:***<br>**- сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;**<br>**-жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.**<br>**-қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).** |
| 5. | **Математика негіздері** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып,  балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:***<br>**- біртекті заттардан топтарды құрастыру, және олардың біреуін бөліп көрсету.**<br>**- ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру**<br>**- пішін түрлерін зерттеу (дөңгелек,шаршы, үшбұрыш)**<br>**- өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау,заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орн орналастыру.**<br>**- Өзінің дене бөліктерін бағдарлай алуға үйрету.** |
| 6. | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.***<br>**- қоршаған ортаны қабылдау,кеңістікте бағдарлау**<br>**-Заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу, дағдыларын қалыптастыру.**<br>**- Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды, салынған пішіндерді бояуды,.**<br>**-Жануарлар мен құстарға күтім жасауға баулу.** |
| 7. | **Сурет салу** | ***балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.***<br>***Заттық сурет салу:***<br>**-Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды, салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс салу дағдыларын қалыптастыру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | , -сызықтарды,штрихтарды дақтарды, бояуларды ретімен қолдана алуға машықтандыру.<br>***Сәндік сурет салу:***<br>**-Элементтердің пішінін,реттілігін,олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып,ою-өрнектерді жазықтықта орналастыруға үйрету.**<br>***Сюжеттік сурет салу:***<br>**-Қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуге, суретті топтаса салып, қағаз бетіне тұтас орналастыруға үйрету.** |
| **8.** | **Мүсіндеу** | **- . сазбалшық, ермексаз, қамыр кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу,алақандарының арасында,жазықтықта түзету,және домалату қозғалыстары арқылы, бөліктерді жаю, тәсілдерін пайдалана алуға үйрету**<br>**- Сазбалшықтан, қамырдан ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту.** |
| **9.** | **Жапсыру** | **- Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру, ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыру, желімдей білу,**<br>**- бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету,**<br>**- желімдеудің техникасына машықтандыру, желімді қылқаламға мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу,**<br>**-Қағазды мыжу, жырту тәсілі арқылы орындауға машықтандыру.** |
| **10.** | **Құрастыру** | **- құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;**<br>**- ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға машықтандыру;**<br>**- қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге айналдыруға баулу.** |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

## 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН

## ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі**
**Тобы:** «Балапан» ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023 жыл қараша айы

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| Қ/с | | |
|---|---|---|
| **1.** | **Дене шынықтыру** | **денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:**<br>-салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>-күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;<br>-мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;<br>**жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>-қол,иық,кеуде және аяққа арналған жаттығуларды педагогпен бірге орындауға үйрету:<br>-жаттығуларды затпен және затсыз орындауға баулу.<br>**негізгі қимылдар:**<br>Жүру. Бір қалыпта аяқ ұшымен,өкшемен сапта бір-бірлеп жүру, шеңбер бойымен «жыланша», шашырап жүру, жүгірумен алмастыру:<br>**тепе-теңдікті сақтау.**<br>-тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру:<br>**Домалату,лақтыру, қағып алу:**<br>-заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруға үйрету (2,5-5м қашықтық)<br>-аяқтарын алшақ ашып отырып, 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалатуға баулу:<br>-допты жоғары лақтыру,еденге соғу, қайта қағып алуға машықтандыру<br>**еңбектеу, өрмелеу:**<br>-тура бағытта (4-6м) арақашықтықта «жыланша»,арасы алшақтаған заттар арасымен еңбектеуге үйрету:<br>-доғаның астымен төрт тағандап еңбектеуге баулу:<br>**секіру:**<br>-бір орнында қос аяқпен секіруге үйрету:<br>- қолды белге қойып құрсаудан құрсауға секіруге машықтандыру:<br>-серуенде қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,<br>-ойын барысында кеңістікті бағдарлауға «жүгір,ұста,тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету<br>-қимылдарды орындауда балалардың дербестігін,белсенділігі мен шығармашылығын дамыту;<br>-балаларды доптар, машиналармен өз бетінше ойнауға ынталандыру |
| **2.** | **Сөйлеуді дамыту** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>-кейбір дауысты (а,ә,о,ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш,з-с, п-б) дыбыстардыанық айтуға үйрету, жаңылпаштар айтуға баулу<br>**Сөздік қор:**<br>-ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту<br>-сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту;<br>Т**ілдің грамматикалық құрылымы**<br>**-** дөңгелек пішінді (шарлар,бұлттар,күн) заттарды бейнелеуге үйрету;<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>-суреттерді қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан кейін алған әсерлерімен бөлісіп, өз ойларын айтуға үйрету;<br>-үлкендердің сөзін тыңдау және түсіну, олармен диалог құруда,қойылған сұраққа толық жауап беруге машықтандыру |
| **3.** | **Көркем әдебиет** | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>-тақпақтарды, өлеңдерді асықпай және дыбыстарды анық мәнерлеп жатқа айтуға үйрету,<br>-кітаптағы суреттерді бірге қарастыру арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру<br>-ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдерді тыңдай білуге үйрету, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| **4.** | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:.**<br>-сөйлеу кезінде тыныс алуды, көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсіну, қазақ тіліне тән а,ә,қ,ұ,ү дыбыстарын дұрыс айтуға баулу;<br>-артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>-ауызекі сөйлеуде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдануды қалыптастыру<br>-күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, тұрмыстық заттардың және жемістер мен көкөністердің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру;<br>**Тілдің грамматикалық құрылысы:**<br>-жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>**-**ойыншықтар мен суреттерді қарастыра отырып,оларды жай сөйлеммен сипаттап айтып беруге баулу<br>-қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| **5.** | **Математика негіздері** | **инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту:**<br>**Сан.**<br>**-** заттардың санын ажыратуға үйрету<br>-біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету:<br>Шама.<br>-екі қарама-қарсы және бірдей заттарды шаманың берілген белгісі бойынша салыстыру,<br>-екі затты бір-біріне беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруға үйрету;<br>Геометриялық пішіндер.<br>- пішін түрлерін зерттеу (дөңгелек,шаршы, үшбұрыш)<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>- өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау;үстінде-астында,алдында-артында,сол-оң<br>Уақытты бағдарлау.<br>-қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға үйрету;күндіз-түнде,таңертең-кешке. |
| **6.** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Балаларды,оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру,оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға,қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту,рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.**<br>-әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету:<br>-балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға,отбасы мүшелерін, өзінің отбасы туралы әңгімелеп айтуға баулу;<br>-заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру;<br>-балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы,жаман» әрекеттер туралы қарапайым |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсітүсініктерді дамыту:<br>-туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>-ауа райындағы,табиғат құбылысындағы маусымдық өзгерістерді атауға баулу:<br>-табиғаттағы және үйдегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға үйрету |
| **7.** | **Сурет салу** | **Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын,зерттеу қабілеттерін,көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу.**<br>-көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру (ыдыс-аяқ,көкөністер мен жемістер)<br>-дөңгелек пішінді (шарлар,бұлттар,күн) заттарды бейнелеуге үйрету;<br>-бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып,сүртіп кептіруге үйрету;<br>-бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуда,қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету;<br>-қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін салуға баулу;<br>-сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға баулу: |
| **8.** | **Мүсіндеу** | -сазбалшық, ермексаз, қамыр кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу жаю тәсілдерін пайдалана отырып заттарды мүсіндеуге үйрету<br>-алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру:<br>-сазбалшықтан, қамырдан ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту.<br>-мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу; |
| **9.** | **Жапсыру** | - дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру, ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыру, желімдей білу,<br>-бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету,<br>- желімдеудің техникасына машықтандыру, желімді қылқаламға мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу,<br>-жапсыруда қағазды умаждау, жырту әдістерін қолдануды үйрету;<br>-геометриялық фигуралардың (дөңгелек,үшбұрыш,шаршы) ортасына,бұрыштарына |

| | | |
|---|---|---|
| | | дайын ою-өрнектерді жапсыруға машықтандыру; |
| **10.** | **Құрастыру** | -құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;<br>-балалардың құрастыруға қызығушылықтарын арттыру:<br>-кірпіштерді,тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беріп, талдай білуге баулу:<br>-ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға машықтандыру;<br>-ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға баулу: |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН**

**ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі
**Тобы:** «Балапан» ортаңғы топ
**Балалардың жасы: 3** жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 2023жыл желтоқсан айы

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру** | ***денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене*** |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | | ***жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:***<br>- Мәдени – гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез –құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>- Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру : ас қасықты дұрыс қолдану, денені тік ұстау,нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып шайнау, тамақтанып болған соң аузын майлықпен сүрту, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға үйрету.<br>- Өзіне – өзі құрмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау, белгілі реттілікпен киінуге , шешінуге , ұқыптылыққа , киіміндегі олқылықты байқауға , олардыөз бетінше немесе ересектердің көмегімен реттеуге үйретуді жалғастыру<br>- Салауатты өмір салтын ұстану тармақтарын түсіндіру: Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, мұрын,құлақ, ауыз)үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға , күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>- Сауықтыру –шынықтыру шаралары: Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>- Сапта тұру, қайта сапқа тұру.Бірінің артынан бірі сапқа тұру,шеңберге тұру,саптағы, шеңбердегң өз орнын табуға үйрету.<br>- Жүру: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен ,тура және шеңбер бойымен белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы ,заттарды айналып жүру,аттап жүруге дағды қалыптастыру.<br>- Жүгіріу:Тура, шеңбер бойымен, «жыланша» жүгіру, шашырап жүгіруге үйрету.<br>- Жалпы дамытушы жаттығулар : мойын бұлшық етіне, иық бұлшық етіне ,кеуде бұлшық еттеріне, аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды затпен және затсыз педагог көрсеткен нұсқаулық бойынша орындау.<br>- Негізгі қимылдар:<br>- Тепе – теңдікті сақтау.Тепе – теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай үстімен жүруді үйрету.<br>- Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, аяқтарын алшақ қойып отырып, 1,5- 2м қашықтықтан допты бір – біріне домалатуға үйрету.<br>- Еңбектеу,көлбеу тақтай үстімен , доға астынан еңбектеу.<br>- Қимылды ойын ережесін сақтау.<br>- Дербес қимыл белсенділігін арттыруға қолайлы жағдай туғызу. |
| **2.** | **Сөйлеуді дамыту** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:<br>-Дауысты (а,ә,е,о,ұ) және дауыссыз (п-б,к-қ,т-д) дыбыстарды анық айтуға үйрету,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілеттерін дамыту.<br>- Сөздік қор:<br>-Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулар арқылы кеңейту,заттардың сапасы мен қасиеттерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | білдіретін , заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім,ыдыс , жиһаз) бір сөзбен атауға үйрету.Қарама – қарсы антоним сөздерді енгізу.<br>- Тілдің граматикалық құрылымы:<br>- Зат есімдерді жекеше және көпше түрде , етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға үйрету.<br>- Байланыстырып сөйлеу:<br>- Суреттерді, заттарды қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| **3.** | **Қазақ тілі** | -Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым – қатынас жасауына жағдай жасау: бір – бірімен еркін ойында , дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу, сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарының есімін толық, дұрыс атауға үйрету.<br>- Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ, ү, ұ, ы дыбыстарын өздігінен айтуға баулу. |
| **4.** | **Көркем әдебиет** | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>- Кітаптарға қызығушылығын ояту: Жаңа ертегілерді , әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге , олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету.<br>- Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекетерінің салдарын талқылау. |
| **5.** | **Математика негіздері** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:***<br>**-** Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп – біреу, (біреу- көп).<br>- Екі затты өлшемі бойынша салыстыруды үйретуді жалғастыру.(ұзын- қысқа, биік – аласа, артық-кем кем)<br>- Өзінің дене мүшелерін бағдарлау, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды үйрету.<br>-Қарама – қарсы тәулік бөліктерін анықтау: күндіз – түнде,таңертең – кешке. |
| **6.** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру***.<br>- Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауды , атауды үйрету.<br>- Заттардың сапалары мен қасиеттерін : сипап сезу, дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>- Көлік құралдарының , ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>- Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптсатыру.<br>- Балалар өздері тұратын қала мен ауыл , еліміздің астанасы ,Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>-Туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. |

| | | |
|---|---|---|
| **7.** | **Сурет салу** | ***балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту.***<br>- Сурет салу кезінде қаламды, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.<br>- Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен ,алақанмен , мақтамен )таңдауға мүмкіндік беру.<br>- Қазақ халқының өнер туындыларымен таныстыру. |
| **8.** | **Мүсіндеу** | ***балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту.***<br>- Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуге үйрету.<br>- Бірнеше бөліктерді қосу, қысу , біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеуді үйрету.<br>- Қазақ халқының әшекей бұйымдарын (балдақ, сырға) мүсіндеу.<br>- сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту. |
| **9.** | **Жапсыру** | - Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыруарқылы ұжымдық композиция құрастыруға үйрету.<br>- Қазақ халқының ұлттық ыдыс аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыруды жалғастыру.<br>- Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы,үшбұрыш)ортасына, бұрыштарына дайын ою – өрнектерді жапсыру арқылы киіз,кілем, көрпе,алаша, орамал жасау.<br>- Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау,бүктеу) қолдану. |
| **10** | **Құрастыру** | - Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату<br>- Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалауға үйрету.<br>- Үлгі бойынша және өз ойынан құрастыруға үйрету. |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН**

# ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы:** «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі
**Тобы:** « Балапан » ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024 жыл қаңтар айы

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| 1. | ***Физикалық қасиеттерді дамыту*** | ***Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру***<br>Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын арттыру: негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу.<br>Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу.<br>Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру .<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау)<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерінорындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу, нейрогимнастикалық жаттығулар жасау |
| 2. | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту*** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту*** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | ***сөйлеудің дыбыстық мәдениеті***<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуды жалғастыру,<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту, қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту<br>Ойын және ойын жаттығулары арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Сөздерді жіктелуіне,септелуіне қарай байланыстыру,зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен, жәнезат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,ересектермен диалог құру берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| 3. | **Қазақ тілі** | Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| 4. | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру,оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту,балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету |
| 5. | ***Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту*** **Математика негіздері** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту,жәнебалалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу, ұқыптылыққа, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету.***<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету:көп-біреу (біреу-көп).<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде- астында, алдында-артында, оң-сол.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| 6. | **Сурет салу** | бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу, штрихтарды, дақтарды ретімен қолдана алуға үйрету.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.Тұтас қағаз парағына бейнені орналастырып салуға үйрету.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Дәстүрден тыс салу әдісі арқылы салуды жалғастыру |
| 7. | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (жүзік,сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| 8. | **Жапсыру** | Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру |

| | | |
|---|---|---|
| | | арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. |
| 9. | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеугежәне кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып,бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату,<br>Өз қиялдарымен құрастыруға үйрету. |
| 10 | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру***<br>**Қоршаған ортамен танысу** | ***Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру***<br>Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болғансоң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту,балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару,<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы:** «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»

**Тобы:** «Балапан» ортаңғы топ

**Балалардың жасы: 3 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024 жыл ақпан айы.

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
